

Ақпарат және медиакоммуникация орталығы
(2024-2025 оқу жылының I жартыжылдық есеі)

БАҚ-ПЕН БАЙЛАНЫС

Университеттің медиа қызметі қалалық, облыстық және республикалық БАҚ-пен белсенді жұмыс атқаруда. Атап айтсам, 2024 жылдың жарты жылдығында республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде, облыстық «Ақжол», «Арай», «Знамя труда» және қалалық «Жамбыл-Тараз» газеттерінде университет қызметі, оқытушылар, қызметкерлердің жетістіктері және студенттер туралы 66 материал жарияланды, оның 28-і профессорлар, оқытушылар, студенттер жайлы ақпарат болып табылады.

егемен
Қазақстан

АРАЙ
жастар газеті

**Казахстанская
ПРАВДА**

**ЗНАМЯ
ТРУДА**
Общественно - политическая газета

СААНЫН
Газета издается
с февраля 1944 г.

AQ JOL
Jambyl oblystyn qogamdyq saias gazet

JAMBYL TARAZ
ЖАМБЫЛ ТАРАЗ

2024 жылы жарнамалық роликтер және телевизиялық сюжеттер дайындау жөнінде «Taraz24» телеарналарымен келісім-шартқа отырды. Аталған телеарнада университет туралы 32 танымдық сюжеттер, жаңалықтар жарық көрді.

**TARAZ
24**

JAMBYL

Жалпы облыстық және республикалық телеарналарда оқу орнының қызметі мен жетістіктері туралы қазақ және орыс тілінде 81 танымдық ақпараттар, сюжеттер жарық көрді.

2024-2025 оқу жылының 1-жартыжылдығында түрлі ақпараттық сайттарда университеттің қызметі мен жетістіктері туралы материалдар жарияланды. Атап айтсақ, abai.kz, nur.kz, ақпараттық сайттарында, ҚР Ғылым және білім министрлігінің сайтында, облыстық ақпараттық «ZhambylNews», «Jambylinfo» ақпараттық сайттарында 33 ақпарат жарияланды.

«УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ» ГАЗЕТІ

Газетте 46 іс-шара туралы ақпарат, ғылыми мақалалар, жетістіктер жарияланды. Газетте төмендегі айдарлар бойынша ақпарат ұсынылады:

- «Жаңалықтар легі», «Құттықтаймыз», «Ғылым», «Спорт», «Тарих», «Әдебиет», «Сіз білесіз бе?»



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

Медиа орталық Facebook, Instagram, Тикток әлеуметтік желілерінде университеттің ресми парақшаларын дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта Instagram парақшасында 13 000 оқырман болса, Facebook әлеуметтік желісінде 4992 жазылушы бар. Тикток желісінде 2301 оқырман, YouTube желісіне 7810 оқырман жазылған.

2024 жылдың екінші жартыжылдығында Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріне 7042 пост жарияланды. YouTube желісіне 1100 видео көрерменге ұсынылды.

Әлеуметтік желілердің есепті кезеңдегі орташа қаралым саны 10.000-ға жуық.

Университеттің ресми сайтында 196 ақпарат жарияланды. Ақпараттардың басым көпшілігі университет жаңалықтарымен толықтырылған.

Әлеуметтік желілерге жарияланатын 189 жаңалық (рилс форматта) түсірілсе, арнайы жобаларға 33 заставкалар дайындалды. Сонымен қатар, тақырыптық 48 видеороликтер дайындалды.

Әлеуметтік желілер





ТЕЛЕСТУДИЯ

Университет қабырғасында білімгерлер телестудиясы жұмыс жасайды. Телестудияда аймақтық және республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін университеттің ғылыми, қоғамдық және мәдени қызметі туралы ақпараттық материалдар дайындалады; университет басшылығы, қызметкерлер, оқытушылар мен студенттермен сұхбаттар ұйымдастырылады.

Телестудияның басты мақсаттарының бірі – студенттерге практикадан өтуге мүмкіндік беру. Яғни, студенттер жұмыс процесімен танысып, дайын маман болып шығады.



АЙДАРЛАР

Ақпарат және медиакоммуникация орталығының жұмысы университеттің медиа имиджін және жеке брендін қалыптастыру. Жоспарға сай, бірнеше жаңа жобалар бастау алды. Жобалар әрі ресми әрі еркін форматта әлеуметтік желілерде жарияланды.

«Сұрағым бар» айдары:


- Мақсаты – университет ұстаздарын басқа қырынан таныстыру;
- Мұғалімдерге еркін форматта қысқа сұрақтар қойылып, сұхбат алынды;
- Бүгінгі күнге 15 шығарылым жарық көрді.

«Блиц сауалнама» айдары:

- Арнайы дайындалған стандартты (*тарихи, логикалық, жеке*) сұрақтар студенттерге қойылады;
- Еркін форматта сауалнама жүргізілді;
- Бүгінгі күнге 7 шығарылым жарық көрді;

«Университет ережелері» айдары:

- Студенттерді университеттің ережелерімен таныстыру.
- Жатақхана ережесі, әдеп кодексі т.с.с нақты ережелермен еркін форматта таныстыру;
- Бүгінгі күнге 10 шығарылым жарияланды.



**Ақпарат және медиакоммуникация
орталығының баспасөз хатшысы**

Д. Жанұзақ